

ТУҒАН ЖЕРІМНІҢ ҚАСИЕТТІ ЖЕРЛЕРІ

Қаупыш Г.Б.

Ғылыми жетекші: доценті, т.ғ.к.Өскембаев Қ.С.

Астана Халықаралық университетінің

gulsezimkaupysh@gmail.com

Қандай дүние жетеді балауыңа!
Бәрі сенің, жан Отан, қалауыңа!

Туған жер жайлы жыр да, қарасөзбен жазылған шығармалар да молынан кездеседі. Біз өз халқымыздың туған жерін ардақ тұтып, анасындай қастерлейтінін білеміз. Қазақ халқы да туған жер қадірін жас ұрпақ бойына, санасына, бала кезінен-ақ сіңіруге ұмтылатындығын, жер тарихын терең зерттеулерден көреміз. Туған жерін сағынғанда патшалығын да тастап, елге тартқан Бейбарыс баба туралы аңыз да жүрекке жылы. Бұлардың бәрінен шығатын қорытынды әркімге туған жері, туған елі қымбат екендігі деп ойлаймын. Аталарымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, бізге жеткізген - ұлан байтақ жеріміз, алтын бесігімізді Бүйректал жерінің жер атау ерекшелігін зерттеу – басты міндетім деп санаймын. Осыған байланысты Бүйректал жерінен шыққан болашақ ұрпаққа өнегелі зерттеуімізді ұсынғымыз келеді.

Мақсаты: Туған жеріміз жайлы ойларымды Елбасының сөзімен жалғастыра отырып: «Құдай қазаққа қырын қарамаған: пейіліне сай етіп ұлан - ғайыр жер берген, астын -үстін толтырып кен берген, мейірбан, ақ көңіл, адал ел берген, жаны үшін малын, ары үшін жанын садаға ететін ер берген», - деген сөздермен қорытындылаймын. Қазақ даласында әрбір жер атауының белгілі бір тарихи ерекшелігі, тәрбиелік мәні бар.Әр азамат өзінің тарихын, салт-дәстүрін, әсіресе, туған жерінің тарихын меңгеру қажет. Осыған байланысты мен де өз туған жерім – Бүйректал ауылындағы жер атауларының ерекшелігін, аталу себебін, тарихын, терең меңгеріп, болашақта тәуелсіз еліміздің ұлтжанды азаматы есебінде өзімнің туып өскен Отанымды бүкіл Қазақстанға паш етсем, кейінгі ұрпаққа үлгі – өнеге болса екен деген мақсатпен осы жұмысымды ұсынып отырмын. Бұл жұмыстың тәрбиелік мәні ерекше. Себебі: Бүйректал жерінен шыққан әр азамат өз туған жерінің тарихын Ә. Ыдырысов еңбегінен, Қ. Әбішев әнінен ғана емес, теңізге құйған тамшыдай менің еңбегімнен де білсе екен деген тілек-мақсат. Туған жер жайлы жыр да, қара сөзбен жазылған шығармаларда көп кездеседі [1,81 б].

Ақсай – Мойылды өзенінің сағасын бойлай орналасқан ауылдың бірі. Ауыл ресми картада Ақсай деп аталғанымен, жергілікті жұрт Бүйректал атап кеткен. Ынтымағы жарасқан, бірлігі бекем ауылдың жақсы жаңалықтары жетерлік.

Мақан қуысы.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ақташы руынан шыққан Мақан деген кісі өмір сүріпті. Ашаршылық және қуаңшылық жылы елін аман сақтау мақсатымен дөңгелей өскен ағаштың, аққан бұлақтың маңына қондырып, жергілікті халыққа бақташылық кәсіпті үйреткен екен.Сол қиыншылықта өз туыстарының сыртында маңайындағы тұрғындарды да аман сақтап қалыпты.Сондықтан «Мақан қуысы» аталып кетіпті.

Миялы

Қыраттау жер атауы, Бүйректал ауылынан 25-30 км жерде орналасқан. Топырақтың үш түрі бар: Сары саз, қоңыр топырақ, қара топырақ. Осыған байланысты өсімдіктің 27 түрі кездеседі. Өзінен өзі екпе бидай, сұлы түрлерінің қоңыр түсті түрлері өседі. Тобылғы, шок ешкі талдар, қызыл тал және қара ағаш түрлерін кездестіруге болады.

Аяқ мойылды

«Мыңғырған мал даласында жайылған бабалардың болған сондай тұрағы» – деп Аяқ мойылды жерін атар едім. Бұл жердің шөбі шүйгін, суы мөлдір, көктем болса түкті кілемдей жайылған бәйшешегі, қызғалдағы неге тұрады! Ата-бабаларымыз төрт-түлікті ерекше бағалап, өсіріп, жаз жайлауын, қыс қыстауын мекендеген ең шұрайлы жер.

Егінсай.

XIX ғасырда өмір сүрген үлкен атам – Ағыбай Қостанай жерінен түрлі дән үлгілерін алып келіп, жергілікті халыққа бау-бақша, егін егу әдісін үйреткен. Мойылды өзенінен бірінші рет шым кірпіштер арқылы арықтар қаздырып, жүйелеп суару әдісімен егіннен мол алу тәжірибе жасаған. Сондықтан бұл жер Ағыбай ауылы немесе Егінсай деп аталады.

Ескі Бүйректал.

1954 жылы Кеңес одағы кезінде «Бүйректал» Кеңестік шаруашылығы құрылды. Бұл уақытқа дейін халық төрт жылдық мектебімен, қолдан салынған диірмен, мешітімен осы жерді мекен еткен. Қазіргі уақытта бұл жерде мал жайылымы бар.

Сүлеймен қайыңы

XVIII ғасырдың екінші жартысында руы – Таз, өзі діндар, қажылыққа жаяу барып қайтқан – Сүлеймен деген кісі өмір сүріпті. Қажылықтан келген соң, елін жинап Мойылды өзенінің бойына қайың ағашын еккізген екен. Қайыңның суды пайдалануда маңызы зор екендігін түсінген. Өзен болсын, бұлақ болсын жағалауында қайың өссе, суды тазартып, емдік қасиеті молаяды екен. Осыдан бастап, Бүйректал жерінде қайың ағашы көп өсе бастаған.

Дәржан құдығы

«Дәржан құдығы» деп аталу себебі, XX ғасырдың бірінші жартысында ашаршылық кезінде елде судан таршылық болған соң, Дәржан атамиз халықты жинап, құдық қаздырып, елге пайдасын тигізген. Осы уақытқа дейін құдықты халық пайдаланған, тек қана соңғы 12-13 жылдың көлемінде құдықтың беті жабылған. Бұл құдықтың маңайында да қайың көп өседі

Ақ құдық

«Ақ құдық» – таза, әктелетін құм ортасынан қазылған. Топырағының түсі ақшыл болғанымен, суы таза, мөлдір. Басында бір ғасырдан астам уақыт өсіп тұрған қарағай бар. Маңайында тобылғы топталып өскен. Алғашқы артель кезінде осы құдықтан су алып пайдаланған. Кейін Кеңес үкіметі кірпіш дайындауға құмды пайдаланған. Сол себепті құдықты жабуға тура келген. Қазір де ауыл адамдары осы жерден құрылыс сылағына ақ құмды пайдаланады

Күркетал

Сызылған қайың сырласқан,

Әуелеп құстар шуласқан.

Мөлдір өзенге шомыла,

Түседі аунап күллі аспан.

«Күркетал» деп аталу себебі: Қырат жерде орналасқан, бұлақтың маңайы қызыл тал және қайың көп өскен жер. Бұлақты қалқалап, қорғап тұрғандай әсер етеді. Суы мөлдір, тап-таза.

Жыланды

Мойылды өзенінің жоғары жағында жылан ордасы болған екен. Әр жылда жылан патшасына сыйлыққа бір қыз беріліпті. Күндердің күнінде сыйға тартылған қыздың біреуі жыланның аяласын асырып, мынадай шарт қояды: «Егер менің сыбызғымен ойнаған әніме жыландарын түгел қимылсыз қалса, мені босатасыз». Жылан патшасы келіседі. Қыз қамыстан істелген сыбызғымен сызылтып әуен орындай бастағанда – ақ жыландар қимылдамай, қатып қалады. Жылан патшасы қыздың шартына көніп, жылан ордасын ерітіп, басқа жерге көшіп кеткен екен.

Қажы көң

XVIII ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Сүлеймен қажының мешіт салдырған жері. Кеңес үкіметі кезінде мешітті бұзып тастаған, бірақ ауыл адамдары бұл жерді қасиетті жер деп есептейді.

Балтасай

Балтасай – тобылғы ағашының өсу формасы балтаның кейіпіне ұқсас және тобылғы ағашы сол сайды қоршап тұрады. Тағы бір ерекшелігі – құмырсқаның илеуінің көптігі. “Құмырсқалар патшалығы” деп айтуға да болады. Бұл да бір табиғаттың жұмбақ құбылысы.

Бес қыз тамы

Өткен ғасырда (XIX) бір байдың бес қызы тамылжыған тамыз айының аптапты күндері Мойылды өзеніне шомылуға келген екен. Суға түсіп жатқанда бірін-бір құтқарамын деп, бес қыз бірдей қыршын кетіпті. Бес баласынан айырылған, қайғы жұтқан әке «Ашылмаған гүлдей болып өмірден өтті», – деп, қыздарының басын көтергенде дөңгелентіп қойған екен. Ескерткіш алыстан қарағанда үлкен оба сияқты көрінеді, ал, жақындаған кезде бес төмпешікті көресіз

Тобылғы шұбар

Бұл өңірде аққұла-тобылғы өсімдігі қоюланып өсіп, алыстан қарағанда шұбарланып тұратындықтан, «Тобылғы шұбар» атанып кеткен

Көк су

Табиғаттың ерекше құбылысына байланысты айтылған. Көктемде судың түсі мөлдір болып тұратын болса, күз кезінде көкпеңбек түске боялған. Бұл жағдай судың жағалауындағы өсіп тұрған түрлі өсімдіктерге байланысты болуы мүмкін. Бұны зерттеу болашақтың жобасы

Қасқыр қамаған

«Қасқыр қамаған» – 1932-33 жылдары аштық кезінде халыққа қасқыр жаудай тиген. Әбден аштықтан титығып, күйзеліп отырған адамдар осы үлкен сайға қолдарындағы барлық құрал-саймандарымен қасқырларды қуып тыққан. Кейін апандарына тығылып үлгерген қасқырлар, бөлтіріктерін ертіп, қашуға мәжбүр болған. Таң қаларлық жағдай, осы жерде қасқырдың қып-қызыл шие өсіп тұрады. Дәмі өте қышқыл, түрі мөлдір-қызыл, ұзындығы – 1-1,5. Метрдей

Ерекше жер атауларымен қоса Бүйректал өңірінде дәрілік өсімдіктер де бар: Ермен, кермек жусан, ат-құлақ, құлмақ бізде, қосүйлі қалақай, мойыл, итмұрын, қара мендуана, бақбақ.

Қорытындылай келе айтарымыз, ұсынып отырған еңбегіміздің мақсаты – Болашақ ұрпақтың рухан өсуіне жол ашу, дүние танымын кеңейту, саналы өмірінде елжанды азамат ретінде қалыптасу. Біз болашақ тәуелсіз мемлекеттің азаматтары, ең бірінші өз еліміздің тарихын, ерекшелігін білуге міндеттіміз. Халқымыздың тілін, тарихын, салт-дәстүрін өміріміздің басты принципі есебінде ұстануымыз қажет. Менің ойымша, ең бастысы – елжанды, ұлтжанды болу - әр азаматтың өмірлік қағидасы болуы міндетті.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлыбабамыз айтқандай: «Болашақ өз елін жанындай сүйетін азаматтардікі». Мен де осы принципті өмірлік қағида есебінде ұстанамын. Осы бағытта тәрбие алған баланың тұлғалық қасиеттері мен қабілеттері дұрыс және орнықты қалыптасып, оның әрі қарай өздігінен және еркін дамуына жарқын жол ашатын болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ә. Ыдырысов «Туған елім-тірегім». -Алматы, «Рауан» баспасы. 2015.
2. Х. Мұсабаев «Нар кескен». Өлеңдер жинағы. -Алматы, 2019.